## Құттықтаймыз!

Асқар таудай әкеміз, абыздай ардақты атамыз **Оңғарбай Салахиденұлын** мерейлі 60 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

*Тілейміз біз таусылмайтын төзімді,*
*Тілейміз біз сарқылмайтын сезімді.*
*Денсаулығың мықты болсын, жан әке,*
*Құттықтайды ұл–қыздарың өзіңді.*

*Анамыз Мадинамен қанаттасып,*
*Жүріңіз әр күн сайын алға басып.*
*Сіздерді мақтан етіп біз тұралық,*
*Мөлдір бұлақ суындай асып–тасып.*

*Өмір–өзен жақсылығын жалғасын,*
*Тіршілікте сәттіліктер қолдасын,*
*Жанұямен мақтанамыз қашанда,*
*Арамызда Сіздей әке болғасын!*

Құттықтаушылар:
**балалары,**
**немерелері Нұрай, Айару.**
(21).

## Құттықтаймыз!

**Мыңжасар Әбдіғалымұлы мен Дана Қайкенқызын құттықтаймыз!**

1 желтоқсан күні Ақтоғай ауданы Әуелбек ауылында тұратын аяулы ата-анамыз, ардақты ата-әкеміз Мыңжасар Әбдіғалымұлы мен Дана Қайкенқызының шаңырақ көтергендеріне 45 жыл толады. Мерейлі тойдың Тұңғыш Президент күнімен тұспа-тұс келуі - жақсылықтың ырымы. Ата-анамыздың осы тойларымен шын жүректен құттықтаймыз! Зор денсаулық, қажымас қайрат тілеп, жүздеріңіз шаттыққа, шаңырақтарыңыз құт-берекеге тола берсін дейміз.

Біз сіздерге мәңгілік борыштармыз. Қашанда біздің тілеуқорымыз болып жүресіздер. Алла Тағала ұзақ ғұмыр берсін. Төріміздің сәні, қуаныштың әні болыңыздар. Үлкен нағашы атамыз Қайкеннің аруағы қолдасын деп, оның осыдан 45 жыл бұрын арнаған өлең жолдарын ұсынамыз.

*Сен де, мен де – екеуіміз де пендеміз,*
*Аспанда емес, қасиетті жердеміз.*
*Саған енді қиылмайды бозбала,*
*Маған енді бұйырмайды өңге қыз.*
*Жеке едік, екеу болдық, ұғыстық,*
*Ұғыстық та, бір кеседен нұр іштік.*
*Енді бізге ірге қонсын ырыс–құт,*
*Енді бізбен бірге болсын тыныштық!*

Бұл күні сүйікті қызымыз Айгүл Мыңжасарқызының туған күні - 40 жас, патша жасы құтты болсын. Дені сау болып, арман-тілектері орындалсын.

Тілек білдіруші:
**Ақсақовтар әулеті.**
(1279).

## Құттықтаймыз!

**Ахтанова Альфия Сұлтанқызын құттықтаймыз!**

60 жасқа толған тойыңмен шын жүректен құттықтаймын!

Мерейтойды отбасының алтын қазығы болған жан жарың мен балашағаңның ортасында қарсы алып отырғаныңа қуаныштымын. Өсіп-өнген, ұрпақ тәрбиелеген құда-құдағиларың мен достарыңның ықыласына бөленген өзіңе тек қуаныштар мен бақытты ғұмыр тілеймін.

*"Алпыс – тал түс" дейді халық данасы,*
*Алпыс деген – өң мен түстің арасы.*
*Бір әулеттің өзің – алтын қазығы,*
*Құлаш сермеп келсін енді 100 жасы.*

Ізгі ниетпен: **анасы - Көкен.**
(1332).


**САРЫАРҚА САМАЛЫ**

МЕНШІК ИЕСІ
**«Павлодар облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі** (Павлодар қаласы)
**«Ертіс Медиа» ЖШС, «Сарыарқа самалы» облыстық газеті**
Газет Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы 30.09.2014 ж. №14562-Г куәлігі берілген.

**Газет 1979 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2014 жылы «Алтын жұлдыз» жалпыұлттық сыйлығымен марапатталды.**

**ЖШС директоры Асқар ШӨМШЕКОВ**

**Бас редактор Нұрбол ЖАЙЫҚБАЕВ**

Телефоны: 66-15-30
ЖШС-нің мекенжайы: Павлодар қаласы, Қ.Сұрағанов көшесі, 21-үй.
Редакцияның мекенжайы. 140000, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Теле/факс 66-15-30

Газеттің электронды поштасы:
**ssamaly29@gmail.com.**
**Бас редактордың орынбасары** 66-14-61.
**Жауапты хатшы** 65-12-74.
**Әлеуметтік бөлім** 66-14-63, 66-15-31, 66-15-32.
**Экономика, саясат** 66-14-64, 66-15-28, 66-14-65.
**«Айналайын»** 66-14-63.
**«Жас times»** - 66-15-32.

**Жарнама бөлімі:**
s_samaly_reklama@mail.ru
66-15-42, 66-15-40.
**Маркетинг және тарату бөлімі** 66-15-41.
**Фототілші, корректорлар** - 65-12-74.

Газеттің нөмірі «Сарыарқа самалының» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Газет аптасына үш рет шығады, апталық таралымы 14485 дана, бүгінгі көлемі 5 б.т.

«Дом печати» ЖШС баспаханасында басылды. ҚР Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй. Газеттің сапалы басылуына баспахана жауап береді. Телефоны. 8 (7182) 61-80-26.

Басылуға қол қойылған уақыты 17.00.
Тапсырыс - 2552

Хаттар, қолжазбалар, фотографиялар мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды.
Көлемі А4 (14 кегль) форматындағы 2 беттен асатын материалдар қабылданбайды.

Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарды тегіс жариялауды және оларға жауап беруді міндетіне алмайды.

Жарнамалық материалдардың мазмұнына жарнама берушілер жауап береді.

Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан алынған фотосуреттер де пайдаланылды.

Авторлардың пікірлері редакция ұстанған көзқарасқа сәйкес келмеуі де мүмкін.

«Сарыарқа самалында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.


## Құрметті оқырмандар!

2019 жылға арналған «Звезда Прииртышья» қоғамдық-саяси, ақпараттық-жарнамалық газетіне жазылу жалғасуда

| Жазылу мерзімі | «Қазпошта» АҚ-ның бөлімшесі арқылы жазылу | | «Alash Press» ЖШС-нің бөлімшелері арқылы жазылу | Редакцияда ресімделу және алу мен жазылу |
|---|---|---|---|---|
| | Индексі 55440 | | Павлодар қ. | Павлодар қ. |
| | қала | ауыл | | |
| 6 ай (аптасына үш нөмір) | 4868,20 теңге | 5186,40 теңге | 4865 теңге | 3810 теңге |
| 12 ай (аптасына үш нөмір) | 9736,40 теңге | 10372,80 теңге | 9730 теңге | 7620 теңге |
| | Индексі 25440 | | | 3144 теңге |
| | қала | ауыл | | |
| 12 ай (бейсенбілік нөмір) | 4040,70 теңге | 4251,40 теңге | 4035 теңге | |

Біздің газетімізге жазылуды үйге немесе жұмыс орнына дейін жеткізілумен кез келген пошта бөлімшесінде, пошта қызметкері арқылы немесе Павлодар қ-сы, Ак.Сәтбаев к-сі, 50 (тел. 32-40-37) мекенжайы бойынша орналасқан «Қазпошта» ғимаратында, Ак.Марғұлан к-сі, 142-23 мекенжайы бойынша орналасқан «Alash Press» ЖШС-де (тел. 61-63-18) жазыла аласыз. Одан басқа, баламалы жазылу арқылы Астана к-сі, 143 мекенжайы бойынша ресімдеп, тікелей редакциядан алуға болады.

Мекемелер мен ұйымдардың назарына! Біздің кез келген басылымға 50 данадан кем емес жазылған жағдайда кәсіпорынға дейін жеткізумен ұжымдық баламалы жазылуды ұсынамыз тел. 8 (718 2) 66-15-41.


Әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журнал
Литературно-художественный, общественно-политический журнал

**Найзатас**

**ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**

**Еліміздің әдеби-мәдени кеңістігінен өзіндік орнын тапқан Павлодар облыстық «Найзатас» әдеби-көркем, қоғамдық-саяси журналына 2019 жылға жазылу жүріп жатыр. Екі тілде жарық көретін журналдың мазмұндық нәм көркемдік сапасы Сізді бейжай қалдырмайды! Жазылымды еліміздің қай түкпірінде болмасын «Қазпошта» АҚ-ның кез келген бөлімшесінде рәсімдеуге болады.**

**6 АЙҒА ЖАЗЫЛУ**
**қала - 3384,90 теңге, ауыл – 3397,80 теңге;**
**1 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ**
**қала - 6769,80 теңге, ауыл – 6795,60 теңге.**

Баспа индексі - **67276**

**БІЗБЕН БІРГЕ БОЛЫҢЫЗ!**


«Павлодар» Әлеуметтік даму корпоративтік қоры "Усолка өзенінің рекреациондық аймағында көп функционалды спорт кешенінің құрамындағы ескекші арна және Павлодар қаласының Усолка өзені алқабының бөлшегінде қоғамдық аймақ құрылысы. 1-кезең. Бас жоспары; 2-кезең. Электрмен қамту; 3-кезең. Автомобиль жолы." жобасына "Қоршаған ортаны қорғау" (ҚОҚ) Бөлімін қарастыру бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдалым өткізу жөнінде хабарлайды.

Қоғамдық тыңдалым өткізу жөніндегі ақпаратқа жұртышылқтың қол жеткізуін қамтамасыз етуге жауапты МИО - "Павлодар облысының Жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстар басқармасы" ММ, тел.: 8 (7182) 32-93-79.

Тапсырыс беруші - «Павлодар» Әлеуметтік даму корпоративтік қоры, мекенжайы: Павлодар қаласы, Короленко көшесі, 109, тел.: 8 (7182) 209389, 661273 .

Қызығушылық танытқан жұртшылық пікірін есептеу бойынша Жобалар материалдары http://www.tabigatpv.gov.kz/, oblsport-pavlodar.gov.kz. сайтында жарияланған.

Жобаны жасаушылар: Казахстанский проектно-исследовательский институт «КАЗАХСТАНПРОЕКТ» ЖШС, тел. +7 (7182) 554420 және «Научно-производственное предприятие «Биосфера» ЖШС, тел. +7 (7182) 346857.

Тыңдалым 29.12.2018 ж. сағат 10.00-де, келесі мекенжайда өткізіледі: Павлодар қаласы, Торайғыров көшесі, 48-үй, концерт залы. Анықтамалар мына телефон арқылы қабылданады: 7(7182) 66 -12 -73.

Жобалардың қағаз нұсқасы материалдарымен төмендегі мекенжай бойынша таныса аласыздар: Павлодар қаласы, Короленко көшесі, 109-үй, 3-қабат, «Павлодар» Әлеуметтік даму корпоративтік қоры. Жобалар материалдары электронды түрде, ескертулер мен ұсыныстарыңызды мына электронды мекенжайға жіберіңіздер: buhina.raushan@pavlodar.gov.kz, pavlodaroblsport@mail.ru

Анықтама телефоны: 7(7182) 66 -12 -73. (20350).

## Азаматтарды қабылдау жүргізіледі

**2018 жылғы 30 қарашада, сағат 11.00-ден 13.00-ге дейін,** Екібастұз қаласы, Әуезов көшесі, 153-үй мекенжайы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті және тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің Павлодар облысы бойынша департаментімен коммуналдық саланың мәселелері бойынша, оның ішінде электр, жылу және сумен жабдықтау бойынша реттелетін қызметтерді беру сұрақтары бойынша азаматтарды қабылдау өткізіледі.

Анықтама телефоны: **8 (7182) 61-60-05.**
(20352).

## Камералдық бақылау және мемлекеттік сатып алуларға оның әсері

Камералдық бақылау жүргізу қағидалары Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы №598 бұйрығымен бекітілді. Бұл ереже ішкі мемлекеттік аудит бойынша уәкілетті органның камералдық бақылауды жүргізу тәртібін анықтайды.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алулар туралы Заңының 16-бабына сәйкес уәкілетті орган мемлекеттік сатып алу туралы ҚР заңнамасының сақталуын бақылауды, оның ішінде камералдық бақылауды жүзеге асырады. Уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті (әрі қарай - Комитет) және оның аумақтық бөлімшелері. Сатып алу бюджеті орындалуы бойынша орталықтандырылған уәкілетті органы болып, қазынашылық орган табылады.

Камералдық бақылау Комитетпен және оның аумақтық бөлімшелерімен мемлекеттік аудит объектілерінің қызметі туралы мәліметтерді талдау жолымен айқындалатын және белгілі бір бұзушылықтарды анықтау мақсатында әзірленетін деректері негізінде мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау объектілеріне бармай-ақ бақылау жүргізу түрі.

Комитеттің аумақтық бөлімшесі ретінде Павлодар облысы бойынша Ішкі мемлекеттік Аудит департаменті (әрі қарай-Департамент) облыстағы мемлекеттік сатып алуларға тұрақты түрде камералдық бақылауды жүзеге асырады.

Камералдық бақылаудың негізгі мақсаты - облыс бойынша мемлекеттік сатып алулар ұйымдастырушыларының мемлекеттік сатып алу заңнамасы бойынша бұзушылықтарын уақытында жою және болдырмау.

Бұл жерде, жаңашылдық болып, Департаменттің (бұзушылықтарды анықтаған жағдайында) бақылау объектісіне камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламасын пошта арқылы жолдамай, уақытты үнемдей отырып, мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы жолданады.

Сонымен қатар, жіберілген хабарламалардың орындалуы веб-портал арқылы тексеріледі.

Мемлекеттік сатып алу веб-порталы арқылы мемлекеттік аудит объектісімен анықталған камералдық бақылау қорытындысы бойынша хабарламаны ол ұсынылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындауы тиіс.

Камералдық бақылау қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды заңнамамен анықталған мерзімде өз алдына жойған кезінде аудит объектісінің лауазымды тұлғалары жауапкершіліктен босатылады.

Сонымен бірге, егер хабарламаның орындалмауы жағдайында бақылау объектілерінің шығыс операциялары тоқтатылуы, сонымен қатар ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 462-бабына сәкес заңды тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тартылуы қарастырылған.

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Павлодар облысы бойынша ішкі мемлекеттік Аудит департаментінің камералдық бақылау бөлімі.**

Облыстық мәслихаттың депутаттары және аппарат мемлекеттік қызмет ардагері Қанафина Айым Мүкәрамқызына інісі
**Қанафин Әділбек Мүкәрамұлының**
қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Павлодар қаласының әкімдігі Павлодар қаласының Құрметті азаматы
**Тереник Мария Серафимовнаның**
қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.